Распределение указанных сумм целевых трансфертов на развитие определяется на основании постановления акимата района.

10. Учество в районном бюджете на 2021 год поступление целевых текущих трансфертов из областного бюджета:

- 1) 966 061 тысяч тенге – на финансирование приоритетных проектов транспортной инфраструктуры;
- 2) 17 031 тысяч тенге – на выплату государственной адресной социальной помощи;
- 3) 2 400 тысяч тенге – на гарантированный социальный пакет;
- 4) 13 038 тысяч тенге – на содействие занятости населения;
- 5) 27 578 тысяч тенге – на развитие продуктивной занятости и массового предпринимательства.

Распределение указанных сумм целевых текущих трансфертов определяется на основании постановления акимата района.

11. Предусмотреть из районного бюджета на 2021 год распределение сумм трансфертов на компенсацию потерь областного бюджета в связи с изменением функций:

- 1) по образованию – 2 570 301 тысяч тенге;
- 2) подведомственной организаций по спорту – 89 357 тысяч тенге;
- 3) по ветеринарии – 79 145 тысяч тенге.

Распределение указанных сумм трансфертов определяется на основании постановления акимата района.

12. Предусмотреть из районного бюджета на 2021 год распределение сумм трансфертов на компенсацию потерь вышестоящего бюджета на сумму 66 448 тысяч тенге.

Распределение указанных сумм трансфертов определяется на основании постановления акимата района.

13. Утвердить резерв местного исполнительного органа района на 2021 год в сумме 7 740 тысяч тенге.

14. Государственному учреждению «Аппарат Уилского районного маслихата» в установленном законодательством порядке обеспечить государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актобьинской области.

15. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2021 года.

Секретарь Уилского районного маслихата Е. Жиеналин

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ақтөбе облысының/қаласының Әділет департаменті Нормативтік құқықтық акті 11.01.2021 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 7978 болып енгізілді

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

2020 жылғы 30 желтоқсан №480 Ойыл ауылы 2021-2023 жылдарға арналған Ойыл ауданының ауылдық округтерінің бюджеттерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2021-2023 жылдарға арналған Ойыл ауылдық округ бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 80 319 мың теңге; салықтық түсімдер – 10 999 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 328 мың теңге; трансферттер түсімі – 68 992 мың теңге; 2) шығындар – 80 319 мың теңге; 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге; бюджеттік кредиттер – 0 теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге; 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге; 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 теңге; 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 теңге.

2. 2021 жылға арналған Ойыл ауылдық округінің бюджетінде аудандық бюджеттен берілетін субвенция көлемі – 68 992 мың теңге сомасында көзделгені ескерілсін.

3. 2021-2023 жылдарға арналған Саралжын ауылдық округ бюджеті тиісінше 4, 5 және 6 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 28 871 мың теңге; салықтық түсімдер – 1 705 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 207 мың теңге; трансферттер түсімі – 26 959 мың теңге; 2) шығындар – 28 871 мың теңге; 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге; бюджеттік кредиттер – 0 теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге; 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге; 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 теңге; 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 теңге.

4. 2021 жылға арналған Саралжын ауылдық округінің бюджетінде аудандық бюджеттен берілетін субвенция көлемі – 26 959 мың теңге сомасында көзделгені ескерілсін.

5. 2021-2023 жылдарға арналған Көптоғай ауылдық округ бюджеті тиісінше 7, 8 және 9 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 24 449 мың теңге; салықтық түсімдер – 1 912 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 70 мың теңге; трансферттер түсімі – 22 467 мың теңге; 2) шығындар – 24 449 мың теңге; 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге; бюджеттік кредиттер – 0 теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге; 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге; 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 теңге; 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 теңге.


6. 2021 жылға арналған Көптоғай ауылдық округінің бюджетінде аудандық бюджеттен берілетін субвенция көлемі – 22 467 мың теңге сомасында көзделгені ескерілсін.

7. 2021-2023 жылдарға арналған Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ бюджеті тиісінше 10, 11 және 12 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 30 315 мың теңге; салықтық түсімдер – 1 653 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 185 мың теңге; трансферттер түсімі – 28 477 мың теңге; 2) шығындар – 30 315 мың теңге; 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге; бюджеттік кредиттер – 0 теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге; 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге; 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 теңге; 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 теңге.

Ойыл аудандық мәслихатының сессия төрағасы Б. Жұмырбаев

ҚЫШҚЫЛ ЖАУЫН



Қышқыл жауындар мұнай өнімдерінің және басқа да отын түрлерінің жаууы кезінде күкірт диоксиді мен азот оксидінің пайда болуымен байланысты. Қышқылды жаңбыр атмосфералық ластанудан, әсіресе автомобильдер мен өнеркәсіптік процестерден босатылған күкірттің және азоттың артық мөлшерінің салдарынан ерекше қышқыл су тамшыларын құрайды.

Түрлі газдар атмосфераға шығарылған кезде олар күкірт қышқылын, аммоний нитратын және азот қышқылын қалыптастыру үшін су, оттегі және басқа да газдармен бірге әрекет етеді. Бұл қышқылдар кейін жермен үлкен алаңдарға жайылып, қышқыл жаңбыр немесе жауын-шашынның басқа түрлеріне қарай жерге түседі.

Қышқылды жаңбыр барлық өсімдіктердің жапырақтарын жоғалтуына, ауруына, жемістерінің саласының нашарлауына жалпы өсімдіктердің өсуіне кедергі келтіреді. Жерге түсетін қышқыл да зиянды, өйткені ол топырақтың қоректік заттарын бұзады, топырақта микроорганизмдерді өлтіреді және кейде кальций тапшылығын тудыруы мүмкін. Қышқыл шөгіндісі саз топырақтарын алюминий мен магнийді босатуға, сондай-ақ кейбір ау-

А.ТӨРЕШОВА,
Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының химия пәнінің мұғалімі.

Ойыл аудандық мәслихатының хатшысы Е. Жиеналин

ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫ: СЕБЕПТЕРІ КӨП, КІНӘ ЖҮРГІЗУШІГЕ ТІРЕЛЕДІ

АВТОКӨЛІК ТАРИХЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫНА БІРНЕШЕ ҒАСЫР БОЛҒАНЫНА ҚАРАМАСТАН, АВТОКӨЛІК ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ ДАМУ ҚАРҒЫНЫ ЖЫЛ САЙЫН ӨСІП ЖАТЫР. ҚАЗІРГІ ТАҢДА АВТОКӨЛІК ҚОҒАМДА ӨЗІНДІК ОРНЫ БАР МҮЛІКKE АЙНАЛЫП, ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ АЖЫРАМАС БІР БӨЛІГІНЕ АЙНАЛДЫ. БҮЛ ҮРДІС БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕ ДЕ КҮННЕН-КҮНГЕ БАЙҚАЛАДЫ.



Дегенмен, көлік түрлері мен санының артуы салдарынан көлік қылмыстарының көрсеткіші де азаймай, керісінше зардап шеккендердің өсімі байқалады. Барлық дерлік жол-көлік оқиғаларында негізгі орында жүргізушінің әрекеті немесе әрекетсіздігі байқалады.

Сондықтан жүргізушінің жол-көлік оқиғасы кезіндегі рөлін бас көрсетуді жөн санап отырмыз. Көлік құралын басқаратын кінәлі тұлғаның кез-келген апатты жағдайында оның белгілі бір апатты оқиға сәтіндегі психологиялық жай-күйі есер етеді. Жол-көлік оқиғасы кезіндегі жүргізушілердің жасайтын әрекеттері: белгіленген жылдамдықты көтеру, мас күйінде көлікті басқару, басып озу ережесін бұзып қарама-қарсы жолға шығып кету, жол қиылысы ережесін сақтамай жол кезегін бұзу, ақауы бар көлікті басқару,

Председатель сессии Уилского районного маслихата Б. Жұмырбаев

Секретарь Уилского районного маслихата Е. Жиеналин

Қадыр Бияшев

Ойыл өңірінің тумасы, қазақтың белгілі ғалымы, академик, ветеринария ғылымының докторы, профессор Қадыр Бияшев 82 жасында ұзаққа созылған ауыр науқастан қайтыс болды.

Қадыр Бияшұлы 1939 жылдың 18 маусымында Ақтөбе облысының Ойыл ауданында дүниеге келді. 1967 жылы Алматы мал дерігерлік институтын үздік бітіріп, кейіннен сол институттың микробиология және вирусология кафедрасының жанындағы аспирантураны Лениндік стипендиямен аяқтады. Содан соң өмірінің қалған бөлігі Алматы мал дерігерлік институтымен және қазіргі Қазақ Аграрлық Университетімен тығыз байланысты болды. Еңбек жолын 1971 жылы Алматы мал дерігерлік институтының микробиология және вирусология кафедрасының аға ғылыми қызметкері болып бастап, сол кафедраның профессоры жөрежесіне дейін жетті. 1974-82 жылдары өзі білім алған институттың доценті, профессоры, даярлық тобының меңгерушісі қызметтерін атқарса, 1994-2002 жылдары институттың жұқпалы аурулар мен микробиология кафедрасының меңгерушісі болды. 2002-2009 жылдары ветеринария саласында, жануарларға вакциналар даярлау үшін биотехнология мен гендік инженерия бойынша зерттеулер жүргізді.

Жануарлардың жұқпалы ауруларының алдын алу, салдарын жою, емдеу бағытында жүргізген жұмыстарының жемісі ретінде жетеушілігімен шығарылған 20-ға тарта дермектің айтуға болады. Бүл өз кезегінде ауылшаруашылығы саласындағы өнімділікті арттыруға зор септігін тигізді. Еңбектері КСРО-ның халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қойылса, 1995 жылы АҚШ-тың Сан-Диего қаласында өткен көрмеге де ұсынылды. Қадыр Бияшұлы ветеринария саласындағы бірнеше ғылыми еңбектің авторы. Оның жетекшілігімен 52 ғылым докторы мен 38 ғылым кандидаты ғылыми еңбектерін қорғады. Олардың арасында шетелдік ғалымдар да бар. Өлеңнің бірнеше елінің ветеринариялық жоғары оқу орындарында дәріс оқып, тәжірибесімен бөлісті. Оның қатысуымен 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы Заңының» жобасы дайындалды.

1999 жылы «Парасат» орденімен марапатталса, білім мен ғылым саласындағы еңбегі үшін берілген марапаттары көп. Таңдаған мамандығы мен кесібіне адал азамат тарыққанды демеп, қамқорлық танытты. Үлкен жүректі ғалым қайда жүрсе де, өзінің туып-өскен жері - Ойылын есте естен шығарған жоқ. Өзі білім алған қазіргі Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназияға лингафон кабинетін алып берсе, ауданның ветеринария саласына 2 миллион теңгенің дәрі-дәрмегін берді. Қадыр Бияшұлының отбасы мен ағайын туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

А. Қазыбаев, С. Займолдин, А. Кенжебаев, М. Айдарбаев, Е. Тілепов, Ф. Займолда, С. Өскенбаев, С. Аманасов, Ө. Қожағалиев, Т. Шалабаев. И. Асқар, Т. Шерязданов, А. Қошқарбаев, Н. Жұмағалиев.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1766 дана. Тапсырыс №98 Көлемі 1 баспа табак, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

БИЫЛ ОЙЫЛДЫҢ ОН КӨШЕСІ ЖӨНДЕЛЕДІ

ОЙЫЛ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ СӘНДІБЕК ДӘУЛЕТҚАЛИЕВТЫҢ ОЙЫЛ СЕЛОСЫНДАҒЫ СОҢҒЫ ЕСЕБІ САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАРҒА САЙ ОНЛАЙН РЕЖИМІНДЕ ӨТТІ. ӘРІНЕ, КАРАНТИНГЕ ҚАРАМАСТАН ОЙЫЛ СЕЛОСЫНДА ӨТКЕН ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ІСТЕР КӨП. ОЛ КӨПШІЛІКТІҢ КӨЗ АЛДЫНДА.



«Ауыл-Ел бесігі» бағдарламасы бойынша көшелерді орташа жөндеу жұмыстарына республикалық бюджеттен 221 762,0 мың теңге, облыстық бюджеттен 14 640,0 мың теңге қаржы бөлінді. Нәтижесінде Көкжар, Бақаев, Желтоқсан көшелерінің орташа жөндеу жұмыстарына «ЗапКаз-ПромСтрой» ЖШС-мен келісім шарт жасалып, асфальт төселді. Шернияз көшесінің орташа жөндеу жұмыстарына «Ерхат жолдары» ЖШС-мен келісім шарт жасалып, жұмыстар толық аяқталды. Ал, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша Ойыл селосындағы Амангелді және Молдағұлова көшелері де асфальтталды.

Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмысын қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша 16 668 мың теңгеге көшелерге қиыршық тас (щебені) төселді.

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының 2 бағыты аясында» округте 14 адам барлығы 64 млн. теңге несие алды. Кәсіпкерлік нысандары қалыпты жұмыс атқарауда. Өткен жылы аудан орталығында жеке кәсіпкер Жәніс Займолдиннің «Дәулет» азық-түлік дүкені ашылса, 2021 жылға да бірқатар инвестициялық жобалар ұсынылып отыр. Мәселен, жеке кәсіпкер А.Ғазизова балабақшасын биыл іске қосқалы отырса, жеке кәсіпкер Б.Ақан сапаржай, қонақ үй кешенінің құрылысын жүргізіп жатыр. Жеке кәсіпкер К.Өліп тойхана құрылы-

сын бастады. Округте дамымай отырған салалардан –қоян, құс өсіру тәрізді салаларды қолға алушылар болмай тұр. «Бизнес-бастау» жобасына округтен 34 адам өтініш білдіріп арнайы тестілеу арқылы 34 қатысушы оқу курстарына жолдама алды, 100 пайыздық көрсеткіш орындалды, 8 қатысушы 4 444 800 теңгеге 100 АЕК қайтарымды грант иегері атанып, өз кәсіптерін ашты. Б.Өгізбаев пен Р.Наурызбековалар «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы 8 млн теңге несие алып мал шаруашылығын дамытуда. Осы ретте шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлердің жұмыс күшіне үнемі мұқтаж болып отыратындығы да жасырын емес. Сонымен бірге округте қоғамдық табынды бағуға да ешкім құлшынбайды.

Елбасының тапсырмасына сәйкес «Nur Otan» партиясының төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың «Кедегірісіз келешек», «Бақытты отбасы» және «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобалары аясында 2020 жылдың 18 наурызында біртұтас республикалық «Біз біргеміз!» акциясына орай аз қамтылған, көп балалалы, көмекке мұқтаж отбасыларға антисептикалық құралдар, медициналық маскалар және коронавирустық пандемиямен күресу, алдын алу үшін қажетті басқа да өнімдер жинақталған өлеуметтік пакеттер мен азық-түлік табыс етілді.

Әскери шақыруға келмей жүрген жастарға мекен жайы бойынша аралап түсіндіру жұмыстарын жүргізу де өкімнің шаруасы. Өйткені, әскери борышын өтеуден жалтаратын, дерігерлік тексеруге келмейтін жастардың

барлығы да рас.

Округке қарасты Қаракерем, Ақша-тау елді мекендерінде жасанды көгал төселген спорт алаңдары жасалды. Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атында орталық сабаққа биылғы Ойыл ауданының 100 жылдығы мен Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойына орай жүгіртпе жолмен билборд пен Ойыл ауданының 29 «Құрметті азаматтарына» арнап бағаналарға тақтайшалар орнатылды. Жолмырзаев 42 үйдің ауласына балалар ойын алаңы жасакталды. Ойыл селосының жарық шамдар жүргізілмеген шеткі көшелеріне күн сәулесінен қуат алатын 40 жарықшам орнатылды. Қазірде халық ұсынысына қарай жарықшамдар алынып, елді мекендерге орнатылды. Ойыл селосындағы көшелерге жаңадан жол белгілері қойылып, жолақтар салынды, сонымен қатар қозғалыс көп көшелерге жасанды кедегірлер қойылды. Бұл Ойыл селолық округінің өкімі Сәндібек Дәулетқалиевтың баяндамасынан түйген атқарылған жұмыстардың бір парасы.

Сонымен қатар, өкім биыл Ойылдың 10 көшесін асфальттауды көздеп, жобалық сметалық құжаттары дайын жобалар бойынша Екпетап елді мекеніне спорт алаңын жасактап, көшелерді жарықтандыру, тротуар төсеу және Ойыл селосының шетінен айналма жол жасауды жоспарлап отыр.

Одан кейін аудан өкімі Асқар Қазыбаев та өткен жылдың жемісі мен алдағы жылдың міндеттерін жеткізді. Инстаграмм желісінде тікелей эфирде өткен есепті жылында көрермендер тарапынан қойылған сұрақтарға да жауап берілді.

МЕН ӘКЕМДІ МАҚТАН ЕТЕМІН!

Тарт қолыңды!
Тарт қолыңды!
Төйт, өлім!
Сен одан да тірілудің айт емін?
Барлығыңды сезбей-сезбей,
О, өке,
Жоқтығыңды бір-ақ сездім,

Қайтемің! - деп ақын Қадыр Мырза Әлі жырлағандай, осыншама жыл өтсе де, марқұм өкемнің бейнесі көз алдымда.

Өкем Тілепберген Төжіғалиев 1938 жылы Ойыл ауданына қарасты Байтақ ауылдық мекенінде, қарапайым отбасында дүниеге келген екен. Өкесі Ұлы Отан соғысына қатынасқан. Сұрапыл соғыстан жаралы келген өкесі төсек тартып жарасы асқынып, содан о дүниелік болған екен. Өкеміз марқұм айтып отыратын өкемнің бейнесін көз алдыма бұлыңғыр елестете аламын деп.

Қайран өкем сондай бауырмал, аңқылдақ кісі болатын. Өкем Бәлія жан жолдасын жоқтаптай, артында қалған жалғыз туяғы өкем Тілепбергенді, Зияда, Бияда, Түңісін, Құттыбегі, Зияда, Бияда, Түңісін, Құттыбегі есімді қыздарын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, аялап өсіріп, ел қатарына қосуға тырысқан. Марқұм өкеміз сондай еңбеккер, көрікті, тазалыққа жаны құмар, елден ерек кісі болды. Жарықтық өкем айтып отырушы еді, өкелері апаларының ортасында еркін, ерке өсті деп...

1956 жылы мектеп бітірісімен өкеміз оқуға түсіп, 1961 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітіріп шығады. Алғашқы еңбек жолын Сапақөл мектебінен бастайды. Бұнда аз ғана жасағаннан кейін жалғыз анасына қамқор болу мақсатында өтінішпен өз туған жері Саралжын мекеніне қайтып оралады. Өкеміз өз туған жерін шексіз сүйді. Қанша жерден мектеп директоры болыңыз, мына жаққа басшы болыңыз деген ұсыныс түссе де, өкеміз өз мекенінен жыраққа кетпеді, «мансап» кұмады. Аяулы анамыз Талжібек өкеуі үш ұл, бес қыз дүниеге келтіріп, соларды оқытсақ, тоқытсақ деген бір ғана мүдде болды. Кейде мен ойлаймын, өкеміз қазір заманға таптырмас педагог деп.

Өйткені өкеміздің жан-жақтылығы, өмір, қоршаған орта туралы позитивті ойлары, БАҚ материалдарын мұлт жібермей оқуы, қай іске де алғырлығы, өнерге деген сүйіспеншілігі ерекше болды. Өкем домбыра, мандолиннің «құлағында ойнайтын».

Марқұм өкем бала тәрбиесіне келгенде өте сақ болды. Өкеміздің бір дауыс көтеріп сөйлегенін, не ашуланғанын көрмей өстік. Қашанда дұрыс әрекетке мақтанып, бұрыс әрекетті жаймен ғана түсіндіруден жалықтаушы еді. Қолы қалт етсе, бізге дауыс татып газет оқыттырады, не теледидардан жақсы дүниені жанына отырғызып қойып бірге тамашалатады. Үйімізде қазақша күйтабақтар көп болды. Соны тыңдатырып қояды. Өлі есімде алғаш рет «Қобыланды батыр» жырын өкем күйтабақтан тыңдатырып қойып, мазмұнын сұрағаны. Жырды өнімен тыңдаған адамға мазмұнды баяндау қиынның қиыны, тырысып бақтым. Мен осылайша марқұм өкемнің баулу әрекетімен өдебиетші мамандығын игердім. Өзі адам баласын арман-қиялы қашанда мазалап жүреді емес пе? Сондай қиялмен жүргенде өкеме «Мектеп бітірген сондықторлық оқуға барам!» - деуші едім. Өйткені бала кезден радио саңлағы, диктор Сауық Жақановаға еліктеп өскенмін. Өкемнің сонда айтқаны, «Қызым, өмірде мұғалімдікке мамандық қана мәңгілік» - дегені өлі есімде. Өкемнің айтқаны қашанда заң. Өкем жарықтық өзі мұғалім болған соң анамыздың дәрігерлік мамандығынан гөрі бар ұл-қызын мұғалімдікке бауылды. Тек анамыз жарықтық Шолпан (өзі айтқанынан қайтпайтын өжет, оқуға, еңбекке келгенде өте алғыр болатын) өкеміздің рұқсатынсыз өзі барып темір жол институтына түсті. Оқуға түскенін өкемізге біразға дейін айтпай жүрді. Ондағысы мұғалімдікке бармағанымы үшін өкеміз ренжіп қалады деп. Ақырында Шолпан анамыздың ырқына да көне бастады. Дегенмен есеп шығара алмаса, жарықтық өкем аялы апам Шолпанның есепке жүйріктігі, сырт шаруасын ұқсатпай келсем, ол кісінің іске деген тындырымпаздығын мақтап үлгі етіп отырушы еді. Ақ апамның өмірден ерте кеткенін өкем марқұмды есеңгіретіп жіберді...

Өкемнің кереметтілігі сол оңды, тындырымыз іс жасасаң, балаларын одан өрмен жігерлендіруден өсте жалықпайтын. Өке мақтауын естіген біз өке көңілін одан өрі өсіру үшін қай іске де батыл кірісіп, тырысып - ақ бағамыз. Осы тұста ұл-қызымыз бойындағы іске деген тындырымпаздық пен жауапкершілік, табандылық секілді өдемі құндылықтар өке тәрбиесінен мықтап берілсе керек.

Марқұм өкеміз үлкен қызы Айгүл анамызды берімізден бұрын ерекше



жақсы көруші еді. Апамыздың болашағына үлкен сеніммен қарайтын. Құдды бір өзі ерте кететінін сезді ме, өкеміз жарықтық апамызға берімізді аманаттап кеткендей. Бүгінде қадірлі апамыз Айгүл өке жолын қуған кең жүректі беріміздің қамқоршымыз, ақылшымыз. Жездеміз Марат біздің мақтаншымыз. Азамат болған екі ұлы көз қуаныштары, балығы, келешегі.

Ал ағамыз Марат бүгінде өке ізін жалғастырған шебер көшбасшы педагог, қара шаңырақтың иесі. Жеңгеміз Напиза өкеуі ел арасында сыйлы адамдар. Ағамыздың бойындағы тамаша қасиеттер тура марқұм өкеміздің ізгі қасиеттері деп айтсам артық айтпағандық болар еді.

Мен қадірлі өкем туралы оның бала тәрбиесіндегі игі істерін өзімнің алдымдағы зияткер шөкіртеріме, өріп-тестеріме, ұл-қызыма айтып отырудан жалыққан емеспін. Бүгінде педагогикада тәрбие турасында сөз болғанда тұлғаның жақсы істері арқылы адамгершілік құндылықты сіңірту үшін жас бұуыға көп нәрсе айтылуда. Иә, ұлы дала тесінде небір кемел ойлы мықтылар өмір сүргендігін, олардың игі істерін үлгі етер кез қашанда қажет-ақ...

Мен үшін үлкен тұлға ол Менің Өкем. Ұрпақтары марқұм өкеміздің ғибратқа толы ізгі істерін айтқан сайын оның жарқын бейнесі жарқырай беретіндігі хақ.

Мен Өкемді қашанда мақтан етемін!

Зәмзәгүл ТӘЖІҒАЛИЕВА,
Орал қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімі, филология магистрі, Батыс Қазақстан облысы.

АЛДАҒЫ МІНДЕТ АУЫЛДАРДЫҢ АХУАЛЫН ЖАҚСARTY

ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ЖҰРТТЫ ЖИНАП, ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ЕСЕБІН ҚОРЫТЫНДЫЛАУҢҮШ АУДАН ӘКІМІ МЕН АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІНІҢ ХАЛЫҚҚА ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІ ӨТКЕН АПТАДА САРАЛЖЫН, ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ.



Есеп беру жиынына облыстық құрылыс, сәулет қала құрылысы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ербол Кенжалы мен аудандық мәслихаттың хатшысы Сәкен Займолдин қатысты. Алдымен ел алдында ауылдық округ өкімі Абат Мұбаракөв бір жыл бойындағы атқарған жұмыстары туралы есебін берді. Ауылдың тыныс-тіршілігі мен өлеуметтік-экономикалық дамуы тұрғысында баяндама жасады.

Ауданның алтын қақпасы саналатын Саралжын ауылдық округінде көптеген игі істер жасалғандығы айрықша көрініс береді. Округ өкімі Абат Мұбаракөвтің 2020 жылғы ауыл тұрғындарына есеп беру кездесулерінде айтылған ұсыныстар мен қозғалған мәселелер бойынша атқарылған іс-шаралар тышқан жылында кезек-кезеңімен шешімін тапқан.

«Батыс өңірлік телекоммуникация директоры Абад Қадырәлиевтің демалушылығын Тайсойған негізгі мектебіне және фельдшерлік пункттіне оптикалық талшықты интернет желісін тарту жұмыстары жүргізілді. Тайсойған ауылдық клуб ғимаратының жылу жүйесі газге қосылды. Сонымен қатар өткен жыл ақпемберліктер үшін қуанышты жыл болды. Өйткені бұл ауылға таза ауыз су беріліп, уялы байланыс орнатылды. Еске түсірсек, Саралжында дәрігер көркемігі жиын сайын айтылатын. Ал, қазір Саралжын дәрігерлік амбулаториясы дәрігермен, Шұқудық фельдшерлік пунктті фельдшермен қамтамасыз етілді», - деген округ өкімі Абат Қаратаулы бытырғы жылы атқарылған жұмыстарды толықтай баяндап берді. Сонымен қатар ағымдағы жылы алға қойған міндеттерін де атап етті.

Келесі кезекте аудан басшысы Асқар Қазыбаев өткен 2020 жылы атқарылған жұмыстарды тізбектеп, үстіміздегі жылы жасалатын жұмыстарды да тілге тиек етті. Ауданда бүгінге дейін ауқымды істер атқарыл-



ған. Көп ретте тұрғындардың арыз-шағым, ұсыныстарына көңіл бөлініп, ел тілегі ескерілген. Ауыз су, жолдарды жөндеу, жарық, байланыс пен білім, денсаулық сақтау, өлеуметтік салаларда атқарылған істерді тізбектей жеткізген аудан өкімі кейбір түйткілді проблемалардың мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде шешіліп отырғанын да айта кетті. Сондай-ақ, ауыл тұрғындарын мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, шағын және орта бизнесті дамытуға шақырды. Сонымен қатар Саралжынның 4 көшесі мен кіреберістері жолды асфальттау жұмыстары жүргізілетіндігін қуанышпен жеткізе, «Қим басқан ауылдың көшелерін асфальттау қаншалықты тиімді?», - дегендер де болды. Алайда аудан басшысы ауылдарды абаттандырып, көркейту жұмыстары жыл сайын жалғаса беретіндігін баса айтты. Кездесуде тұрғындардың қозғаған басты мәселесі көгілдір отын болды. Сондай-ақ округтегі мал сою бекеті жұмыс жасамай тұрғандығы қиындық тудырып жатқандығын жеткізді. Ауыл тұрғыны Айсәбек Таубатыров құм басып

қалған үйін тазалауға көмек сұраса, Қабидолла Мұханбетқазиев малдың терісі мен жүнін өңдеу шараларын қолға алу керектігін айтты. Шұқудықтың жол қатынасы көктемде қиындық тудыратынын қозғады. Кездесуде қозғалған сауалдарға толыққанды жауап берген аудан өкімі Асқар Қайырғалиұлы көгілдір отын тарту мәселесі бірер жылда шешілмейтін жасырған жоқ. Өйтсе де ауылдарды көгілдір отынмен қамту мәселесі күн төртбінен түспейді. Тұрғындардың өтініш-тілек, арыз-шағымдарын мұқият тыңдаған аудан өкімі бірқатар мәселелердің назарға алынатынын, алдағы уақытта шешу жолдарын қарауға сенім білдірді.

Түс ауа аудан өкімінің есеп беру жиыны Қайыңды ауылдық округінде жалғасын тапты. Мұнда да алдымен ауылдық округ өкімі Ырғызбай Қосдаулетов есеп берді. Ауылдағы атқарылған ауқымды істерін баяндады.



Содан кейін жұртшылық аудан өкімі Асқар Қайырғалиұлының есебін тыңдады. Аудан басшысы 2020 жылда атқарылған және 2021 жылға жоспарланған жұмыстар мен қолға алынатын жобалары туралы ауыл шаруашылығы, өлеуметтік, білім, мәдениет салалары бойынша баяндап берді. Кездесу үстінде ауыл тұрғыны Дархан Өтегенов ауылдағы бірқатар мәселені алға тартып, оны тезірек шешуді сұрады. Атап айтсақ, бас дәрігердің қызметін сыңға алып, ауылға жедел жәрдем көлігі керектігін жеткізді. Сондай-ақ, ауылдағы электрліктердің де жұмысына сын айттып, ауыл маңында отырған шаруа қожалықтар өкімдіктің жерінде отырғандығын сөз етті. Сонымен қатар тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға аудан өкімі Асқар Қайырғалиұлы жиналысқа арнайы келген мекеме басшыларының қатысуыра отырып жауап берді. Сұрақ-жауап барысында тиісті бөлім, мекеме басшылары мен ауылдық округ өкіміне нақты тапсырмалар берілді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Саралжын-Ақжар-Ойыл.

Алғыс

Адамға өмір бір-ақ рет беріледі. Ал, дененіңді дерт мендеп, өміріңізге қатер төнгенде арашаға түсетін дәрігерлер десем, артық айтқандық емес.

Бйлайғы уақытта олардың сыртынан қанша ғайбат сөз айтылып жатады. Бірақ, олардың еңбегін адам басына түспей білмейді екен. Мен жуырда жанымна аса батпаса да, денемде пайда болған ісіктен арылу үшін дәрігердің алдына бардым. Қойылған диагноз – оң жақ жауырын астының қатерсіз түзілісі. Амалсыз ота жасауға келістім. Сонда біздің аудандық ауруханада да жас та болса, өз ісінің нағыз білікті мамандары жұмыс істейтініне көз жеткіздім. Яғни, Дәулет Салин мен Бағдат Көптілеуге айтар алғысым шексіз. Айтайын дегенім, дәрігерлердің ілтипаты, науқастармен қарым-қатынасы көңілмен шықты. Олар науқастың көңілін көтеріп, өмірге деген құлшынысын арттырып жүреді. Науқастарға мейірімді болу, шамасы келсе өзгелерге жақсылық жасауға ұмтылу, үлкенді сыйлау мен кішіге өнеге, қамқорлық көрсету өте ертеден келе жатқан, ұлтымызды ұшаққа шығаратын қасиеттер ғой. Кәсібиліктеріңіз үшін, адал қызмет етіп, адамдардың денсаулығы жолында жасаған ең мейірдан да абзал еңбектеріңіз үшін шексіз алғыс айтамын. Қиын да жауапты еңбектеріңізге табыс тілеймін! Өрхашан ел сенімін ақтап, қошеметке бөлене беріңіздер дегім келеді.

Гүлсима ШОТАБАЕВА,
Екпетап ауылы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР 2021 ЖЫЛЫ ҚАНДАЙ ДЕКЛАРАЦИЯНЫ ТАПСЫРУЫ КЕРЕК?

2021 жыл елімізде жалпыға бірдей декларациялауды енгізудің бірінші кезеңін басталды.

Жалпыға бірдей салықтық декларациялау енгізілгенге дейін мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілген адамдар, олардың жұбайлары жыл сайын мемлекеттік кірістер орғандарына 230.00 нысаны бойынша табыстары мен мүлкі туралы декларацияларды табыс ететін.

Алайда, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап табыстары мен мүлкі туралы декларацияны (230.00-нысан) ұсыну бойынша талаптар тоқтатылады. Бұл 2021 жылы аталған тұлғалардың 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтері мен міндеттемелерін көрсете отырып, 250.00-нысандағы активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсыну міндеттемесінің туындауына байланысты.

Декларация тұрғылықты жері (келу орны) бойынша:

- қағаз нұсқада тапсырылған жағдайда – **2021 жылғы 15 шілдеден** кешіктірмей;

- электронды түрде тапсырылған жағдайда – **2021 жылғы 15 қыркүйектен** кешіктірілмей тапсырылуы тиіс.

2020 жылы мүлкітік табысты, Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі көздерден табысты және Салық кодексінің 363-бабында көзделген өзге де кірістерді алған жағдайда аталған тұлғалар орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салық органына жеке табыс салғы бойынша декларацияны (240.00-нысан) табыс ететінін ескеру қажет. Бұл декларацияны тапсыру мерзімі - 2021 жылғы 31 наурыз. 2022 жылдан бастап мұндай кірістер 270.00-нысандағы декларацияда көрсетіледі.

Егер жеке тұлға қателесіп, 2020 жылға арналған 230.00-нысандағы декларацияны тапсырса, онда мұндай декларация кері қайтарылып алуы

тиіс.

Салық Кодексіне жалпыға бірдей декларациялауды төрт кезеңмен жүзеге асыру қарастырылған.

Бірінші кезеңде (2021 жылғы 1 қаңтардан бастап):

- жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары);

- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген және оларға көзделген өзге де кірістерді алған олардың жұбайлары (зайыптары);

- «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына және «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес табыс ету міндеті жүктелген адамдар декларация тапсыруға міндетті.